

"Көлік статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 29 қаңтардағы № 11 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2025 жылғы 23 маусымдағы № 19 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 26 маусымда № 36318 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Көлік статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 29 қаңтардағы № 11 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19970 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген бұйрыққа 9, 10, 11 және 12-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Стратегиялық жоспарлау және әдіснамалық үйлестіру департаменті Заң департаментімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Стратегиялық жоспарлау және әдіснамалық үйлестіру департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының құрылымдық және аумақтық бөлімшелеріне жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің Ұлттық статистика
бюросының басшысы

М. Турлубаев

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы
Көлік министрлігі

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросының
басшысы
2025 жылғы 23 маусымдағы
№ 19 бұйрығына
1-қосымша



Мемлекеттік статистика
органдары құпиялылығына
кепілдік береді
Конфиденциальность
гарантируется органами
государственной статистики
Жалпы мемлекеттік статистикалық
байқаудың статистикалық нысаны
Статистическая форма
общегосударственного
статистического наблюдения

Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрлігі Статистика
комитеті төрағасының 2020
жылғы "29" қаңтардағы № 11
бұйрығына 9-қосымша
Приложение 9 к приказу
Председателя Комитета по
статистике Министерства
национальной экономики
Республики Казахстан от "29"
января 2020 года № 11

Көлік жұмысы туралы есеп Отчет о работе транспорта

Индекс	есепті	
сі	кезең	
1-көлік	айлық	
Индекс 1-транспорт	отчет	
с	ный	
	перио	
	д	

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 49-51 кодына сәйкес экономикалық қызметтің негізгі және қайталама түрі бар, коммерциялық негізде жүктерді және жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сондай-ақ жүк пен жолаушыларды су көлігімен тасымалдауды және коммерциялық негізде жолаушыларды қалалық рельсті көлігімен тасымалдауды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер ұсынады

Представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения с основным и вторичным видом экономической деятельности (согласно коду Общего классификатора видов экономической деятельности (далее – ОКЭД)) 49-51, осуществляющие перевозки грузов и пассажиров на коммерческой основе, а также индивидуальные предприниматели, осуществляющие перевозки грузов и пассажиров на водном транспорте и перевозки пассажиров на городском рельсовом транспорте на коммерческой основе

Срок представления – до 2 числа (включительно) после отчетного периода

код БИН

			ЖСН коды						
			код ИИН						

--	--	--	--	--	--	--	--	--

Укажите данные по предприятию (организации)

--

[illegible][illegible]

--

--	--	--	--	--

Укажите основные показатели работы транспорта.

Жол коды К о д строки	Көрсеткіш тің атауы Наиенов ани е показателя	Тасымалда нған жолаушылар, адам Перевезен о пассажиро в, человек	Жолаушы лар айналымы, мың жолаушы- километр Пассажир ооборот, тысяч пассажиро	Жолаушы лар тасымалы нан түскен табыс, мың теңге Доходы от перевозки пассажиро в, тысяч тенге	Тасымалда нған жүк, жолжүгі, жүк-жолж үгі, тонна Перевезен о (транспорт ировано) грузов,	Ж ү к айналымы, мың тонна-кил ометр (Грузообор от, тысяч тонно-кил ометров	Ж ү к, жолжүгі, жүк-жолж ү г і тасымалы нан түскен табыс, мың теңге Доходы от перевозки (транспорт ировки) грузов, багажа, грузобага	Көлік құралдары н жүргізуші сімен (экипажым ен) қоса жалға беруден түскен табыстар, мың теңге Доходы от сдачи в аренду транспорт ны х
-----------------------------	--	---	--	---	---	--	--	--

			- километро в		багажа, грузобага жа, тонн		жа, тысяч тенге	средств с водителем (экипажем), тысяч тенге
А	Б	1	2	3	4	5	6	7
1	Барлығы Всего							
1.1	Автомоби ль және қалалық рельсті Автомоби льный и городской рельсовый							
	оның ішінде: в том числе:	X	X	X	X	X	X	X
1.1.1	автобустар автобусы				X	X	X	
1.1.2	трамвайла р трамваи				X	X	X	
1.1.3	троллейбу стар троллейбу сы				X	X	X	
1.1.4	такси такси				X	X	X	
1.1.5	метрополи тен метрополи тен				X	X	X	
1.1.6	жеңіл рельсті көлік легкорельс овый транспорт				X	X	X	
1.1.7	өзге де түрлері (арқан жолдар және басқалары) прочие виды (				X		X	

	канатные дороги и другие)					X		
1.1.8	ж ү к автомобил ь көлігі грузовой автомобил ь н ы й транспорт	X	X	X				
1.2	Теміржол Железнодорожный							
1.3	Ішкі су Внутренний водный							
1.4	Әуе Воздушный							
1.5	Теңіз Морской							
Жол коды К о д строки	Көрсеткіш тің атауы Наименование показателя	Тасымалданған жолаушылар, адам Перевезено пассажиров, человек	Жолаушылар айналымы, мың жолаушы-километр Пассажирооборот, тысяч пассажиров-километров	Жолаушылар тасымалданған түскен табыс, мың теңге Доходы от перевозки пассажиров, тысяч тенге	Тасымалданған жүк, жолжүгі, жүк-жолжүгі, тонна Перевезено (транспортировано) грузов, багажа, грузобагажа, тонн	Ж ү к айналымы, мың тонна-километр Грузооборот, тысяч тонно-километров	Жүк, жолжүгі, жүк-жолжүгі тасымалданған түскен табыс, мың теңге Доходы от перевозки (транспортировки) грузов, багажа, грузобагажа, тысяч тенге	Көлік құралдарын жүргізуші сімен (экипажем) қоса жалға беруден түскен табыстар, мың теңге Доходы от сдачи в аренду транспортных средств с водителем (экипажем), тысяч тенге
A	B	1	2	3	4	5	6	7
1.6	Құбыр Трубопроводный	X	X	X				
	одан: из него:	X	X	X	X	X	X	X
	мұнай және							

1.6.1	мұнай өнімдері нефть и нефтепрод укты	X	X	X				
1.6.2	табиғи газ природны й газ	X	X	X				

3. Өңірлер бөлінісінде теміржол, құбыр және әуе көлігі жұмысының негізгі көрсеткіштерін көрсетіңіз

Укажите основные показатели работы железнодорожного, трубопроводного и воздушного транспорта в разрезе регионов

Жол коды К о д строки	Көрсеткіш тің атауы Наименов а н и е показателя	Тасымалда н ғ а н жолаушыл ар, адам Перевезен о пассажиро в, человек	Жолаушы л а р айналымы, м ы ң жолаушы- километр Пассажир ооборот, тысяч пассажиро - километро в	Жолаушы л а р тасымалы нан түскен табыс, мың теңге Доходы от перевозки пассажиро в, тысяч тенге	Тасымалда н ғ а н жүк, жолжүгі, жүк-жолж үгі, тонна Перевезен о транспорт ировано) грузов, багажа, грузобага жа, тонн	Ж ү к айналымы, м ы ң тонна-кил ометр Грузообор от, тысяч тонно-кил ометров	Жүк, жолжүгі, жүк-жолж үгі тасымалы нан түскен табыс, мың теңге Доходы от перевозки (транспорт ировки) грузов, багажа, грузобага жа, тысяч тенге	Көлік құралдары н жүргізуші сімен (э кипажым ен) қоса жалға беруден түскен табыстар, мың теңге Доходы от сдачи в аренду транспорт н ы х средств с водителем (экипажем) , тысяч тенге
А	Б	1	2	3	4	5	6	7
1	Барлығы Всего							
	соның ішінде: в том числе:	X	X	X	X	X	X	X
1.1	Абай Абай							
1.2	Ақмола Ақмолинс кая							
1.3	Ақтөбе Актюбинс кая							

1.4	Алматы Алматынс кая							
1.5	Атырау Атырауск а							
1.6	Батыс Қазақстан Западно-Қ азақстанск ая							
1.7	Жамбыл Жамбылск ая							
1.8	Жетісу Жетісу							
1.9	Қарағанды Қараганди нская							
1.10	Қостанай Костанайс кая							
1.11	Қызылорд а Кызылорд инская							
1.12	Маңғыста у Мангистау ская							
1.13	Павлодар Павлодарс кая							
1.14	Солтүстік Қазақстан Северо-Қа зақстанска я							
Жол коды	Көрсеткіш тің атауы	Тасымалда нған жолаушыл ар, адам	Жолаушы лар айналымы, мың жолаушы- километр Пассажир ооборот,	Жолаушы лар тасымалы нан түскен табыс, мың теңге	Тасымалда нған жүк, жолжүгі, жүк-жолж үгі, тонна Перевезен о (транспорт	Жүк айналымы, мың тонна-кил омер	Жүк, жолжүгі, жүк-жолж үгі тасымалы нан түскен табыс, мың теңге Доходы от перевозки	Көлік құралдары н жүргізуші сімен (э кипажым ен) қоса жалға беруден түскен табыстар, мың теңге

К о д строки	Наименование показателя	Перевезено пассажиров, человек	тысяч пассажиров - километро в	Доходы от перевозки пассажиро в, тысяч тенге	ировано) грузов, багажа, грузобага жа, тонн	Грузооборот, тысяч тонно-кило метров	(транспорт ировки) грузов, багажа, грузобага жа, тысяч тенге	Доходы от сдачи в аренду транспорт ных средств с водителем (экипажем), тысяч тенге
А	Б	1	2	3	4	5	6	7
1.15	Түркістан Туркестан ская							
1.16	Ұлытау Ұлытау							
1.17	Шығыс Қазақстан Восточно- Казахстан ская							
1.18	Астана қаласы город Астана							
1.19	Алматы қаласы город Алматы							
1.20	Шымкент қаласы город Шымкент							

4. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз)

Укажите время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық
до 1 часа					более 40 часов

Атауы

Наименование _____

Мекенжайы (респонденттің)

Адрес (респондента) _____

Телефоны (респонденттің) _____

Телефон (респондента) стационарлық стационарный

ұялы

мобильный

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента)

Орындаушы

Исполнитель _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

қолы, телефоны (орындаушының)

подпись, телефон (исполнителя)

Бас бухгалтер немесе оның міндетін атқарушы тұлға

Главный бухгалтер или лицо, исполняющее его обязанности _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

_____ қолы

подпись

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

_____ қолы

подпись

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок

являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросының
басшысы
2025 жылғы 23 маусымдағы
№ 19 бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы "29" қаңтардағы
№ 11 бұйрығына
10-қосымша

"Көлік жұмысы туралы есеп" (индексі 1-көлік, кезеңділігі айлық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы "Көлік жұмысы туралы есеп" (индексі 1-көлік, кезеңділігі айлық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Көлік жұмысы туралы есеп" (индексі 1-көлік, кезеңділігі айлық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы", "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" заңдарында айқындалған мәндердегі ұғымдар пайдаланылады.

3. Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшелерге заңды тұлғалар статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттік берсе, онда олар өздері орналасқан орны бойынша статистикалық нысанды ұсынады. Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшелерде осындай өкілеттіктер болмаса, заңды тұлғалар өздері орналасқан орынды көрсете отырып, өзінің құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері бөлінісінде статистикалық нысанды ұсынады. Сондай-ақ статистикалық нысанды дара кәсіпкерлер тапсырады.

4. 2-бөлімнің 1.1-жолында барлық бағандар бойынша автомобиль және қалалық рельсті көлік жұмысының негізгі көрсеткіштері көрсетіледі.

2-бөлімнің 1-бағанының 1.1.1-жолы қолданылатын тарифке қарамастан қалалық, қаламаңы, қалааралық және халықаралық қатынастарда автобустармен тасымалданған, сондай-ақ кәсіпорындар (ұйымдар) төлеген жол жүру құжаттары бар және жеңілдікпен

жол жүру құқығы бар жолаушыларды қоса алғанда, барлық жолаушылардың қосындысы ретінде есептеледі.

Қалалық қатынаста маршруттық автобустармен тасымалданған ақы төлейтін жолаушылар саны:

- 1) кондукторы бар автобустарда сатылған билеттердің саны бойынша;
- 2) маршруттық автобуспен жол жүру үшін абонементтік талондар мен бір жолғы билеттерді сатудан түскен түсімді осы қала (маршрут) үшін бекітілген тарифке бөлу арқылы;
- 3) айлық жол жүру билеттерін сатқан кезде сатылған билеттер санын бір айдағы жол жүрудің есептік санына көбейту арқылы;
- 4) магниттік билеттер немесе байланыссыз смарт-карталар бойынша жол жүруді бақылаудың автоматтандырылған жүйесін қолдану кезінде тасымалданған жолаушылар саны осы жүйенің деректері бойынша айқындалады.

Қаламаңы, қалааралық және халықаралық қатынастарда маршруттық автобустармен тасымалданған жолаушылар саны сатылған билеттер саны бойынша анықталады.

Тасымалдаудың билетсіз жүйесі кезінде маршруттық автобустармен тасымалданған жолаушылар саны жол жүру құнына байланысты, алынған табысты қолданылатын тарифке бөлу арқылы сараланған түрде анықталады.

Тапсырыс берілген автобустармен тасымалданған жолаушылар саны былай есептеледі:

1) қалалық және қаламаңы қатынастарында (туристік-экскурсиялық автобустардан басқа)-жолаушылар айналымын (есептік) қала маңындағы қатынаста жолаушы сапарының орташа қашықтығына бөлу арқылы, егер шаруашылықта мұндай деректер болмаса, есептеу үшін 15 километрге (бұдан әрі – км) тең қашықтық алынады;

2) қалааралық және халықаралық қатынастарда, сондай-ақ қатынастың барлық түрлеріндегі туристік-экскурсиялық автобустарда жол парақта көрсетілген жолаушылар санына тең етіп қабылданады, бірақ автобуста отыруға арналған орындар санынан аспауы тиіс.

1.1.2, 1.1.3, 1.1.5, 1.1.6 және 1.1.7-жолдар жол ақысын төлейтін және жеңілдікпен жол жүру құқығын пайдаланатын азаматтарды қамтиды.

Трамвайларда, троллейбустарда, метрополитенде, жеңіл рельсті көлікте ақылы жолаушылар саны келесі құжаттар негізінде анықталады:

1) кондуктормен бір жолаушы-сапарға белгіленген тариф бойынша бір жолғы билеттерді жекелеген азаматтарға сату кезінде тасымалданған жолаушылар саны сатылған билеттердің санына тең деп алынады;

2) кондукторсыз бір жолаушы-сапарға белгіленген тариф бойынша абонементтік талондар мен бір жолғы билеттерді жекелеген азаматтарға сату кезінде тасымалданған жолаушылар саны абонементтік талондар мен бір жолғы билеттерді сатудан түскен түсімді осы қала үшін бекітілген бірыңғай тарифке бөлу арқылы анықталады.

2-бөлімнің 1-бағанының 1.1.4-жолында таксимен жолаушыларды тасымалдау, тапсырыс бойынша жеңіл автомобильмен жолаушыларды тасымалдауды қоса алғанда көрсетіледі.

2-бөлімнің 1-бағанының 1.1.4-жолы автомобиль-километрдегі ақылы жүрген жолды таксидегі жолаушылардың орташа санына көбейтіп және нәтижесін жолаушыларды тасымалдаудың орташа арақашықтығына бөлу арқылы есептеледі. Таксидегі жолаушылардың орташа саны екі жолаушыға тең деп алынады. Таксимен жолаушылар тасымалдаудың орташа арақашықтығы қала маңына қатынайтын автобуспен жолаушылар тасымалдаудың орташа арақашықтығына тең деп алынады.

2-бөлімнің 2-бағанының 1.1.1, 1.1.2, 1.1.3, 1.1.5, 1.1.6 және 1.1.7-жолдары әрбір тасымалдау позициясы және тасымалдау қашықтығы бойынша жолаушылар санының көбейтіндісін қосу арқылы есептеледі.

2-бөлімнің 2-бағанының 1.1.4-жолы таксидің ақылы жүріс жолын тасымалданған жолаушылардың орташа санына (екі жолаушыға тең) көбейту арқылы айқындалады.

Жолаушылар айналымын есептеу үлгісі осы нұсқаулықтың 1-қосымшасында келтірілген.

2-бөлімнің 3-бағанының 1.1.1, 1.1.2, 1.1.3, 1.1.4, 1.1.5, 1.1.6 және 1.1.7 жолдарда жолаушыларды автомобиль және қалалық рельсті көлікпен тасымалдаудан түсетін кірістер барлық қатынастарда жол ақысын төлеудің әртүрлі тәсілдерімен алынған нақты кірістің жалпы сомасын (қолма-қол есеп айырысу, банк картасы, көлік картасы, (жол жүру картасы), QR-код (мобильді қосымша), жеке азаматтарға да, кәсіпорындар мен ұйымдарға да жеңілдікпен жол жүру (ішінара төленетін немесе тегін), сондай-ақ, жолаушыларды тапсырысты автобустармен тасымалдаудан түскен түсім тарифке тасымалданған жолаушылар санының көбейтіндісімен анықталады (бір сапардың бағасы).

Жолаушыларды тасымалдаудан түскен табыстарға жолаушылар тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтер үшін дотациялар мен субсидиялар да қосылады.

2-бөлімнің 4-бағанының 1.1-жолында автомобиль көлігінде жүктерді тасымалдау жүк автомобильдерімен, жеңіл автомобиль шассиіндегі пикаптар және фургондармен және автотіркемелермен орындалған жиынтық көлемді қамтиды. Тасымалданған жүктер есебі келу мезеті бойынша жүзеге асырылады. Тасымалданған жүктер көлемі, әрбір сапардағы ыдыс салмағын, контейнерлер салмағын ескере отырып, тасымалданған жүктің нақты салмағы бойынша көрсетіледі.

Автомобиль көлігіндегі 2-бөлімнің 5-бағанының 1.1-жолы әрбір сапар үшін тасымалданған жүк салмағын (автотіркемелермен тасымалданған жүктерді қоса) қашықтыққа көбейтіп, кейін барлық сапарлар бойынша көбейтінділерді қосындылаумен анықталады.

Жүк айналымын есептеу мысалы осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасында келтірілген.

Жүктерді автомобильдермен тасымалдаудан түскен табыстар қолданыстағы тарифтер бойынша тасымалданған жүктер саны туралы құжаттар негізінде немесе жасалған шарттарға сәйкес есептеледі.

2-бөлімнің барлық бағандары бойынша 1.2-жолында жалпы пайдаланудағы теміржол көлігі жұмысының негізгі көрсеткіштері көрсетіледі.

2-бөлімнің 1-бағанының 1.2-жолы халықаралық қатынаста жөнелтілген және келген жолаушылардың, республикаішілік және қала маңындағы қатынастарда жөнелтілген жолаушылардың сомасын қамтиды.

Теміржол көлігіндегі 2-бөлімнің 2-бағанының 1.2-жолы жолаушылар тасымалданған қашықтықты ескере отырып, орындалған жұмыс көлемін сипаттайды, жолаушы-километрмен өлшенеді. Жолаушылар айналымын есептеу мысалы осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында келтірілген.

Темір жол көлігіндегі 2-бөлімнің 3-бағанының 1.2-жолы жол жүру ақысының сомасын және жылдамдық, жатын орын, купе және жұмсақ вагондағы жол жүру және т.б. үшін түрлі қосымша ақыларды қамтиды.

Жолаушыларды тасымалдаудан түскен табыстарға жолаушылар тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтер үшін дотациялар мен субсидиялар да қосылады.

2-бөлімнің 4-бағанының 1.2-жолы бойынша қатынастың барлық түрлерінде (әкелімде, әкетілімде, транзитте және республика ішіндегі қатынаста) теміржол көлігімен тасымалданған жүктер, жекеменшік (меншікті) және бос күйдегі вагондарды есептемегенде жалға алынған вагондар, жолжүгі, жүк-жолжүгі саны көрсетіледі, тоннамен өлшенеді. Темір жол көлігінде жүктерді тасымалдау жүктерді жөнелту (әкету) және келу (әкелу) жөніндегі халықаралық қатынаста, жүктерді жөнелту жөніндегі республикаішілік қатынаста және жүктердің транзиті (кіру станциясына (облысына) жатқызылсын) ескеріледі.

2-бөлімнің 5-бағанының 1.2-жолы бойынша тасымалдау қашықтығын ескере отырып, жүктерді жеткізу жөніндегі тасымалдау жұмысының көлемі көрсетіледі, ол тасымалдау қашықтығына әр жөнелтілім массасының тонна сомасы ретінде айқындалады, тонна-километрмен өлшенеді. Жүк айналымын есептеу мысалы осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасында келтірілген.

Темір жол көлігіндегі 2-бөлімнің 6-бағанының 1.2-жолы жүк тасу ақысынан, жекеменшік (меншікті) және жалға алынған вагондардың бос жүрісі үшін төлеммен, қосымша алымдардан, теміржол әкімшіліктерінің арасындағы жүк тасымалдау үшін есеп айырысулардан құралады.

2-бөлімнің барлық бағандары бойынша 1.3-жолда ішкі су көлігі жұмысының негізгі көрсеткіштері көрсетіледі.

Ішкі су көлігіндегі 2-бөлімнің 1-бағанының 1.3-жолы есепті кезеңде жолаушыларды тасымалдау үшін меншікті (жалға алынған) кемелерде және аралас мақсаттағы кемелерде іс жүзінде тасымалданған жолаушылар саны ескеріледі. Бір жолаушының

бір бағыттағы екі пункт аралығындағы әрбір сапары жолаушылар санын есепке алу объектісі болып табылады.

Жолаушыларды ішкі су көлігімен тасымалдаулар туралы деректер тиісті жол жүру құжаттарымен (ақылы және жеңілдігі бар жолаушылар билеттерімен, топтық тасымал құжаттарымен - әскери, экскурсиялық) ресімделген барлық жөнелтілген жолаушыларды қамтиды.

Ішкі су көлігінің 2-бөлімінің 2-бағанының 1.3-жолы әрбір сапар бойынша жолаушылар саны мен әрбір жолаушыны жөнелту пунктінен межелі пунктке дейін тасымалдау қашықтығына сүйене отырып, жөнелтілген жолаушылар санын әрбір жолаушыны тасымалдау қашықтығына көбейтіп, алынған нәтижені қосындылау арқылы анықталады. Жолаушылар айналымын есептеу мысалы осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында келтірілген.

2-бөлімнің 3-бағанының 1.3-жолында тарифтердің қолданыстағы түрлері бойынша жолаушыларды тасымалдау құжаттары бойынша орындағаны үшін есеп беретін кәсіпорынға есептелген кірістер есепке алынады.

Су көлігіндегі 2-бөлімнің 4-бағанының 1.3-жолы есепті кезеңде жүктерді тасымалдау үшін меншікті (жалға алынған) кемелерде және жөнелту бойынша есепке алынатын аралас мақсаттағы кемелерде нақты тасымалданған жүктердің саны есепке алынады. Бір пункттен екіншісіне жөнелтілген және тасымалдау құжаттарымен ресімделген жүктің жекелеген партиясы жөнелту деп есептеледі. Тоннамен жөнелтілген жүктер саны тасымалдау құжаттарында көрсетілген салмаққа сүйене отырып, оған ыдыстың, сондай-ақ тасымалдау кезінде қолданылатын барлық құралдар мен жабдықтардың салмағы қоса анықталады.

Су көлігіндегі 2-бөлімнің 5-бағанының 1.3-жолы жүктің тоннадағы жөнелту салмағын тасымалдау қашықтығына көбейту жолымен, содан кейін барлық жөнелтулер бойынша алынған нәтижелерді қосындылау арқылы есептеледі. Жүк айналымын есептеу мысалы осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасында келтірілген.

2-бөлімнің 3 және 6-бағандарының 1.3-жолында есепті кәсіпорынға тарифтердің қолданыстағы түрлері бойынша жүктерді тасымалдау құжаттары бойынша орындағаны үшін есептелген кірістер есепке алынады.

2-бөлімнің барлық бағандары бойынша 1.4-жолда әуе көлігі жұмысының негізгі көрсеткіштері көрсетіледі.

Әуе көлігіндегі 2-бөлімнің 1-бағанының 1.4-жолы есепті кезеңде көлік авиациясының ұшақтарымен тасымалданған барлық жолаушылар санының қосындысы ретінде есептеледі.

Әуе көлігіндегі 2-бөлімнің 2-бағанының 1.4-жолы әрбір ұшу учаскесінде тасымалданған жолаушылар санын осы учаскеге сәйкес пайдалану қашықтығына көбейтіндісінің сомасы ретінде анықталады. Жолаушылар айналымын есептеу мысалы осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында келтірілген.

2-бөлімнің 4-бағанының 1.4-жолы әуе көлігінде тасымалданған жүктер саны есепті кезеңде ұшақтармен тасымалданған барлық жүктер, пошта және ақылы жол-жүк салмағының сомасы ретінде есептеледі.

2-бөлімнің 5-бағанының 1.4-жолы әуе көлігіндегі әрбір ұшу учаскесінде тасымалданған жүк пен пошта тоннасының санын осы учаскеге тиісті пайдалану қашықтығына көбейтіндісінің сомасы ретінде анықталады. Жүк айналымын есептеу мысалы осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасында көрсетілген.

2-бөлімнің 3 және 6-бағандарының 1.4-жолы әуе көлігінде халықаралық әуе желілері, ішкі қатынас желілері бойынша жолаушылар, пошта және жүк тасымалдарынан түсетін түсімдерді қамтитын кірістер көрсетіледі.

2-бөлімнің барлық бағандары бойынша 1.5-жолда теңіз көлігі жұмысының негізгі көрсеткіштері көрсетіледі.

Теңіз көлігіндегі 2-бөлімнің 1-бағанының 1.5-жолы есепті кезеңде меншікті және жалға алынған кемелермен нақты тасымалданған жолаушылар саны бойынша есептеледі. Бір жолаушының бір бағыттағы екі пункт аралығындағы әрбір сапары жолаушылар санын есепке алу объектісі болып табылады.

Жолаушыларды теңіз көлігімен тасымалдауға тиісті жол жүру құжаттарымен (ақылы және жеңілдікті жолаушылар билеттерімен, топтық тасымалдау құжаттарымен—әскери, экскурсиялық) ресімделген барлық жіберілген жолаушылар және паромдармен тасымалдауды жүзеге асыратын жолаушылар енгізіледі. Теңіз кемесі экипажының мүшелері алынып тасталады.

Теңіз көлігіндегі 2-бөлімнің 2-бағанының 1.5-жолы әрбір сапар бойынша жолаушылар саны мен әрбір жолаушыны жөнелту пунктінен межелі пунктке дейін тасымалдау қашықтығына сүйене отырып, жөнелтілген жолаушылар санын әрбір жолаушыны тасымалдау қашықтығына көбейтіп, алынған нәтижені қосындылау арқылы анықталады. Жолаушылар айналымын есептеу мысалы осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында келтірілген.

Теңіз көлігіндегі 2-бөлімнің 3-бағанының 1.5-жолында тарифтердің қолданыстағы түрлері бойынша тасымалдау құжаттары бойынша орындалған жолаушылар тасымалы үшін есеп беретін кәсіпорынға есептелген кірістер ескеріледі.

Теңіз көлігіндегі 2-бөлімнің 4-бағанының 1.5-жолында есепті кезеңде жүктерді тасымалдау үшін меншікті (жалға алынған) кемелерде және жөнелту бойынша есепке алынатын аралас мақсаттағы кемелерде нақты тасымалданған жүктердің саны есепке алынады. Жөнелту бір пункттен екінші пунктке жөнелтілген және тасымалдау құжаттарымен ресімделген жүктің жеке партиясы болып есептеледі. Тоннамен жөнелтілген жүктердің саны тасымалдау құжаттарында көрсетілген салмаққа, оның ішінде ыдыстың салмағына, сондай-ақ тасымалдау кезінде қолданылатын құрылғылар мен жабдықтарға сүйене отырып айқындалады.

2-бөлімнің 5-бағанының 1.5-жолында теңіз көлігінің жүк айналымы көрсетіледі, ол барлық жөнелтімдер бойынша алынған нәтижелерді жинақтай отырып, жүк жөнелтілімінің салмағын тоннамен тасымалдау қашықтығына километрмен көбейту жолымен есептеледі. Жүк айналымын есептеу мысалы осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасында келтірілген.

Теңіз көлігіндегі 2-бөлімнің 6-бағанының 1.5-жолында тасымалдау құжаттары бойынша тарифтердің қолданыстағы түрлері бойынша орындалған жүктер үшін есептелген есепті кәсіпорынды қамтитын кірістер есепке алынады.

2-бөлімнің 4, 5 және 6-бағандары бойынша 1.6-жолда құбыржол көлігі жұмысының негізгі көрсеткіштері көрсетіледі.

2-бөлімнің 4-бағанының 1.6-жолы құбыр көлігі үшін мұнайды (мұнай өнімдерін, газды және суды магистральдық құбыр арқылы) қайта айдау (тасымалдау), яғни жүктерді құбырмен тасымалдау – өндіру аудандарынан (өндіріс) немесе шетелдерден тұтыну орнына (өткізу базалары, өңдеу жөніндегі кәсіпорындар, газ тарататын станциялар, вагон-цистернаға, танкер кемелерге, автомобиль-цистерналарға құятын орындар және тағы да сол сияқты) жеткізу үшін құбыр көлігі кәсіпорындарымен қабылданған жүктің бастапқы жөнелтілуі көрсетіледі. Жүкті құбырға айдау мезетінде шығыстарды өлшеуіштер мен есептегіштердің көрсеткіштері бойынша анықталады. Табиғи газды қайта айдау көлем бірліктерімен есепке алынады және мынадай арақатынаста масса (салмақ) бірліктеріне аударылады: 1 текше метр = 0,8 килограмм немесе 1000 текше метр газ = 0,8 тонна немесе 1 тонна = 1250 текше метр. Суды тасымалдау көлем бірлігінде ескеріледі және келесі арақатынас бойынша масса (салмақ) бірлігіне ауыстырылады: 1 текше метр = 1000 килограмм су немесе 1 тонна су.

2-бөлімнің 5-бағанының 1.6-жолы мұнайды, мұнай өнімдерін, газды және суды магистральдық құбыржолдары арқылы өткізу жөніндегі жұмыс көлемін қамтиды. Мұнайды (мұнай өнімдерін, газды және суды) бас сорғы станциясының кіріс коллекторынан зауыттың, құю пунктінің, мұнай базасының, газ тарату жүйесіне, су жинаудың кіріс коллекторына дейін айдау (тасымалдау) қашықтығына тоннамен айдау (тасымалдау) көлемдерін көбейтудің сомасы ретінде айқындалады. Барлық құбырлар бойынша тұтастай және жеке мұнай құбырлары, өнім құбырлары (мұнай өнімдерінің түрлері бойынша) газ құбырлары және су құбырлары бойынша анықталады.

Мұнай құбыры көлігіндегі 2-бөлімнің 6-бағанының 1.6-жолы мұнайды, мұнай өнімдерін қайта айдау, қайта тиеу және құйғаны үшін тарифтік төлеммен айқындалады. Газ құбыры көлігінде табыстар 1000 текше метр газды тасымалдау бойынша тарифті тасымалдау көлеміне көбейту арқылы есептеледі.

Магистральдық құбыр арқылы суды тасымалдаудан түсетін табыстар 1000 текше метр суды тасымалдау жөніндегі тарифті тасымалдау көлеміне көбейту жолымен айқындалады.

2-бөлімнің 3 және 6-бағандары барлық жолдар бойынша кірістер қосылған құн салығынсыз көрсетіледі.

2-бөлімнің 7-бағанында барлық жолдар бойынша жасалған жалдау шартына сәйкес жүргізушімен (экипажымен) көлік құралын жалға беруден түскен кірістер көрсетіледі.

5. 3-бөлімде өңірлер бөлінісінде теміржол, құбыр және әуе көлігі жұмысының негізгі көрсеткіштері көрсетіледі.

5.1 Теміржол көлігі.

3-бөлімнің 1, 2 және 3-бағандары жолаушыларды тасымалдау, жолаушылар айналымы және жолаушыларды темір жол көлігімен тасымалдаудан түсетін табыстар өңірлер бойынша халықаралық (әкету), республикаішілік және қала маңындағы қатынастарда облысқа байланған жолаушыларды жөнелту станциялары бойынша және поездың жөнелту күні бойынша, халықаралық қатынаста (әкелу) – тасымалданған жолаушыларды жол жүру салалары бойынша бөлу поездың тағайындалған станциясы бойынша есепке алынбайды.

3-бөлімнің 4 және 5-бағандары темір жол көлігінің тасымалданған жүктері, жүк айналымы өңірлер бойынша халықаралық (экспорт) және республикаішілік қатынастарда жүктерді жөнелту станциясы (облысы) бойынша, халықаралық қатынаста (импорт) – жүктердің келу станциясы (облысы) бойынша есепке алынады, транзит Қазақстан Республикасының аумағына жүктердің кіру станциясы бойынша есепке алынады.

3-бөлімнің 6-бағаны халықаралық (экспорт) және республикаішілік қатынастардағы өңірлер бойынша жүктерді темір жол көлігімен тасымалдаудан түсетін табыстар жүктердің келуі бойынша есепке алынады және жүктерді жөнелту станциясына (облысына) жатады, халықаралық қатынаста (импорт) – жүктердің келу станциясы (облысы) бойынша есепке алынады және жүктердің келу станциясына (облысына) жатады, транзит Қазақстан Республикасының аумағына жүктердің кіру станциясы бойынша есепке алынады.

3-бөлімнің 7-бағанында жасалған жалдау шартына сәйкес өңірлер бөлінісінде жүргізушімен (экипажымен) көлік құралын жалға беруден түскен кірістер көрсетіледі.

5.2 Құбыр көлігі.

3-бөлімнің 4-бағанында мұнайды, мұнай өнімдерін, газды және суды магистральдық құбыр арқылы тасымалдау бағытының барлық өңірлерінің аумағы арқылы жүктің кіру нүктесінен шығу нүктесіне дейін тасымалдау көлемі ескеріледі және олардың әрқайсысында есепке алынады (жүк көлемі ол арқылы тасымалданған барлық өңірлер бойынша көрсетіледі).

3-бөлімнің 5 және 6-бағандарында өңірлер бойынша жүк айналымы және жүктерді тасымалдаудан түсетін табыстар облыс бойынша өтетін магистральдық құбырдың ұзақтығына сәйкес ескеріледі.

5.3 Әуе көлігі.

3-бөлімнің 1, 2, 3, 4, 5 және 6 бағандарда халықаралық (әкету) және республикаішілік қатынастарда жолаушыларды (жүктерді) тасымалдау, жолаушылар айналымы (жүк айналымы) және жолаушыларды (жүктерді) әуе көлігімен тасымалдаудан түсетін табыстар әуежай орналасқан облысқа жатқыза отырып, межелі әуежайдан жолаушыларды (жүктерді) жөнелту бойынша есепке алынады, халықаралық қатынаста (әкелу) – әуежай орналасқан облысқа жатқыза отырып, межелі әуежайға жолаушылардың (жүктердің) келуі бойынша есепке алынады.

3-бөлімнің 7-бағанында жасалған жалдау шартына сәйкес өңірлер бөлінісінде жүргізушімен (экипажымен) көлік құралын жалға беруден түскен кірістер көрсетіледі.

6. Есепті кезеңде қызмет болмаған кезде респондент тиісті жылға арналған жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша Респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді ұсынуының бекітілген графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсыну мерзімдерінің ең ерте аяқталуының күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларында белгіленген тәртіппен қызметтің жоқ екені туралы хабарлама ұсынады.

7. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электронды түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды түрде толтыру Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігінің Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсына (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) орналастырылған "Деректерді он-лайн режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

8. Ескертпе: X – бұл позиция толтыруға жатпайды.

9. Арифметикалық – логикалық бақылау:

1) 2-бөлім:

2 бөлім 1-жол = $\sum$ 1.1, 1.2, 1.3, 1.4, 1.5 және 1.6 қатарлар әрбір баған үшін;

2 бөлім 1.1-жол = $\sum$ 1.1.1-1.1.8 қатарлар әрбір баған үшін;

2 бөлім 1.6-жол $\geq \sum$ 1.6.1-1.6.2 қатарлар 4, 5 және 6 бағандар үшін;

2) 3-бөлім:

строка 1 раздела 3 = $\sum$ строк 1.1-1.20 для каждой графы;

3) 2 және 3 бөлімдердің арасында бақылау:

2 бөлім 1-жол = 3 бөлім 1-жол әрбір баған үшін;

3 бөлім 1-жол = 2 бөлім 1-жол әрбір баған үшін.

"Көлік жұмысы туралы есеп"
(индексі 1-көлік, кезеңділігі
айлық) жалпымемлекеттік
статистикалық байқаудың
статистикалық нысанын

Жолаушылар айналымын есептеу мысалы

Жолаушылар айналымы тасымалдың әрбір позициясы бойынша жолаушылар санын тасымалдау қашықтығына көбейтуді қосумен айқындалады.

Мысалы, есепті кезеңде қалааралық автобустармен 5 сапар жасалды (1-кесте).

Есепті айға жалпы жолаушылар айналымы мынадай нұсқада есептеледі:

жолаушылар айналымы = $122\,400 + 97\,920 + 100\,074 + 104\,517 + 150\,294 = 575\,205$

ж-км.

1-кесте

№	Маршрут атауы	Арақашықтығы, км	Тасымалданған жолаушылар саны, адам	Жолаушылар айналымының есебі, ж-км
1	Алматы – Астана	1 224	100	$1\,224 * 100 = 122\,400$
2	Астана – Алматы	1 224	80	$1\,224 * 80 = 97\,920$
3	Шымкент – Қарағанды	1 283	78	$1\,283 * 78 = 100\,074$
4	Қарағанды – Ақтөбе	1 659	63	$1\,659 * 63 = 104\,517$
5	Атырау – Астана	2 031	74	$2\,031 * 74 = 150\,294$

Ескертпе: есептеу кезінде жолаушылармен сапар ескеріледі.

Қалған көлік түрлері бойынша жолаушылар айналымы осыған ұқсас есептеледі.

"Көлік жұмысы туралы есеп"
(индексі 1-көлік, кезеңділігі
айлық) жалпы мемлекеттік
статистикалық байқаудың
статистикалық нысанын
толтыру жөніндегі
нұсқаулыққа 2-қосымша

Жүк айналымын есептеу мысалы

Автомобиль көлігіндегі жүк айналымы әрбір сапар үшін тасымалданған жүк салмағын (автотіркемелермен тасымалданған жүктерді қоса) қашықтыққа көбейтіп, кейін барлық сапарлар бойынша көбейтінділерді қосындылаумен анықталады.

Мысалы, есепті кезеңге кәсіпорын 5 қалааралық жүк тасымалын жүзеге асырды.

Есепті айға жалпы жүк айналымы: жүк айналымы = $138\,312 + 116\,280 + 250\,185 + 836\,136 + 2\,203\,635 = 3\,544\,548$ т-км (есептеу жүкпен сапарларды ескереді).

2-кесте

№	Маршрут атауы	Арақашықтық, км	Тасымалданған жүк саны, тонна	Жүк айналымының есебі, ткм
1	Алматы – Астана	1 224	113	$1\,224 * 113 = 138\,312$
2	Астана - Алматы	1 224	95	$1\,224 * 95 = 116\,280$

3	Шымкент - Қарағанды	1 283	195	1 283*195=250 185
4	Қарағанды - Ақтөбе	1 659	504	1 659*504=836 136
5	Атырау - Астана	2 031	1 085	2 031*1 085=2 203 635

Қалған көлік түрлері бойынша жүк айналымы осыған ұқсас есептеледі.

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросының
басшысы
2025 жылғы 23 маусымдағы
№ 19 бұйрығына
3-қосымша



Мемлекеттік статистика
органдары
құпиялылығына кепілдік
береді

Конфиденциальность

гарантируется органами
государственной
статистики

Жалпы мемлекеттік
статистикалық
байқаудың

статистикалық нысаны

Статистическая форма
общегосударственного
статистического
наблюдения

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы "29"
қаңтардағы № 11 бұйрығына 11-қосымша

Приложение 11 к приказу Председателя Комитета по
статистике Министерства национальной экономики
Республики Казахстан от "29" января 2020 года № 11

Көліктің қатынас түрлері бойынша жұмысы туралы есеп

Отчет о работе транспорта по видам сообщений

Индекс 2-көлік жылды есепті кезең
Индекс 2-транспорт қ отчетный
годовая период

		ЖЫЛ	
		ГОД	

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 49-51 кодына сәйкес экономикалық қызметтің негізгі және қайталама түрі бар, коммерциялық негізде жүктерді және жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері және негізгі экономикалық қызмет түрі ЭҚЖЖ 52.23.2 болып табылатын заңды тұлғалар, сондай-ақ жүк пен жолаушыларды су көлігімен тасымалдауды және коммерциялық негізде жолаушыларды қалалық рельсті көлігімен тасымалдауды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер ұсынады

6 - класс: Уландырғыш және жұқпалы заттар;

7 - класс: Радиоактивті материалдар;

8 - класс: Коррозиялық заттар;

9 - класс: Қоршаған орта үшін қауіпті заттарды қоса алғанда өзге де қауіпті заттар мен бұйымдар.

Қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша ұсынымдар БҰҰ-ның www.unesce.org интернет-ресурсында орналастырылған.

Бұдан басқа қауіпті жүктер тізбесіне Қазақстан Республикасында қабылданған қауіпті жүктердің түрлері кіреді.

4-бөлімнің 1-бағаны 1.28-жолында контейнердегі жүктерді тасымалдау көрсетіледі.

5-бөлімде өңірлер бөлінісінде теміржол көлігі жұмысының негізгі көрсеткіштері көрсетіледі.

5-бөлімнің 1, 2 және 3-бағандары жолаушыларды тасымалдау, жолаушылар айналымы және жолаушыларды темір жол көлігімен тасымалдаудан түсетін табыстар өңірлер бойынша халықаралық (экету), республикаішілік және қала маңындағы қатынастарда облысқа байланған жолаушылар жөнелту станциялары бойынша және поездың жөнелту күні бойынша есепке алынады, халықаралық қатынаста (әкелу) – поездың тағайындалған станциясы бойынша жол жүру салалары бойынша тасымалданған жолаушыларды бөлмей ескеріледі.

5-бөлімнің 4 және 5-бағандары темір жол көлігінің өңірлер бойынша жүктерді тасымалдау, жүк айналымы халықаралық (экспорт) және республикаішілік қатынастарда жүктерді жөнелту станциясы (облысы) бойынша, халықаралық қатынаста (импорт) – жүктердің келу станциясы (облысы) бойынша есепке алынады, транзит республика аумағына жүктердің кіру станциясы бойынша есепке алынады.

5-бөлімнің 6-бағаны халықаралық (экспорт) және республикаішілік қатынастардағы өңірлер бойынша жүктерді темір жол көлігімен тасымалдаудан түсетін табыстар жүктердің келуі бойынша есепке алынады және жүктерді жөнелту станциясына (облысына) жатады, халықаралық қатынаста (импорт) – жүктердің келу станциясы (

облысы) бойынша есепке алынады және жүктердің келу станциясына (облысына) жатады, транзит Қазақстан Республикасының аумағына жүктердің кіру станциясы бойынша есепке алынады.

5-бөлімнің 7-бағанында жасалған жалдау шартына сәйкес өңірлер бөлінісінде жүргізушімен (экипажымен) көлік құралын жалға беруден түскен табыстар көрсетіледі.

2, 3, 4 және 5-бөлімдердің 3, 4, 6 және 7-бағандарында барлық жолдар бойынша табыстар қосылған құн салығынсыз көрсетіледі.

11 және 12-бөлімді балансында жалпы пайдаланымдағы теміржол магистралі бар кәсіпорындар толтырады.

11 және 12-бөлімдерде теміржол желілерінің пайдаланымдылық ұзындығын былай анықтайды: екіжолдық және көпжолдық учаскелерді – ең қысқа жол бойынша; жолаушылар ғимаратына тірелетін көпжолды тұйық желілерді – оның бас жолдарының ең көбі бойынша; басқа желіге шектесетін желілер немесе тармақтар – жалғасатын жолы бар жақын жеке пункт осіне дейін. Сонымен, екі желі қосылған орыннан бастап (яғни жанасу стрелкасынан) осы пункттің осіне дейінгі жол бөлігі екі желінің де пайдаланымдылық ұзындығына кіреді, яғни екі рет ескеріледі. Осы жеке пункт бағытында бірнеше жанасу болған жағдайда осындай жол бөліктері пайдаланымдылық ұзындықта бірнеше рет ескеріледі.

Пайдаланымдылық ұзындығын анықтау кезінде екі аралықтағы негізгі жолдарға жанасатын поездарды қабылдау және жөнелту немесе қалыптастыру парктерінен тікелей шығу, негізгі жолдардың жалғасы болып табылатын немесе шетке түпкілікті ауытқуына дейін екі аралықта негізгі жолдарға қосарлана жүретін бір немесе бірнеше жолдардың бас желілерін біріктіретін тармақтар екінші, үшінші және тағы басқа жол ретінде емес дербес деп саналады. Егер осы шығатын жолдар, тармақтар және өзге де жолдар барлық аралық шегінде станцияның бір осінен екінші осіне дейін негізгі жолға қосарлана жүрсе және поездарды жіберу үшін қызмет етсе, онда олар екінші немесе үшінші жолдар ретінде танылады.

Пайдаланымдылық ұзындық тек негізгі жолдар үшін анықталады.

Жолдың (жолдардың, жол бөлімшелерінің және басқа да бөлімшелердің) іргелес ара қашықтықтарының жанасу орнындарындағы пайдаланымдылық ұзындығын осы бөлімшелердің белгіленген шекарасынан бастап (немесе, дейін) анықтайды.

Электрлендірілген желілерге электр тарту күшін беретін әуе байланыс рельсімен жабдықталған бір немесе бірнеше электрлендірілген негізгі жолдары бар желілер жатады.

Станцияға іргелес жатқан және маневрлеуге мүмкіндік болуы үшін электрлендірілген және оларды электрлендіру келесі станцияға дейін жалғастырылмаған желі учаскелері электрлендірілмеген желілер болып саналады.

Қазіргі уақытта мынадай енді темір жол жолтабаны пайдаланылады:

қалыпты жолтабан: 1,435 метр (бұдан әрі – м);

кең жолтабан: 1,520 м, 1,524 м, 1,600 м, 1,668 м;

тар жолтабан: 0,60 м, 0,70 м, 0,75 м, 0,76 м, 0,785 м, 0,90 м, 1,00 м.

15-бөлімде үшінші тұлғалар үшін тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) өткізу мақсатында жүзеге асырылатын қызметтің негізгі түріне жатпайтын қызметтің қосалқы түрлері бойынша өндірілген өнімдер (жұмыстар, қызметтер) көлемдері көрсетіледі.

15-бөлімнің Б бағанында ЭҚЖЖ-ға сәйкес 5 таңба бөлінісінде қызметтің қосалқы түрлерінің атауы, ал "ЭҚЖЖ коды" бағанында – 5 таңбаға дейін ЭҚЖЖ-ға сәйкес саланың коды көрсетіледі.

3.3 Әуе көлігі.

Әуе көлігі кәсіпорындары 1, 2, 3, 4, 5, 7, 9 және 15-бөлімдерді толтырады.

2-бөлімде және 3-бөлімде Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен тасымалдар жататын халықаралық қатынаста және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан елді мекендер арасындағы тасымалдар жататын республикаішілік қатынаста тасымалдар көрсетіледі.

2-бөлімнің 1-бағанында әуе көлігімен тасымалданған жолаушылар саны көрсетіледі, есепті кезеңде азаматтық авиация ұшақтарымен тасымалданған барлық жолаушылар санының жиынтығы ретінде есептеледі. Жолаушыларды тасымалдау статистикасындағы байқау бірлігі жолаушы-сапар болып саналады.

2-бөлімнің 2-бағанында әуе көлігіндегі жолаушылар айналымы әрбір ұшу учаскесінде тасымалданған жолаушылар санын осы учаскеге сәйкес пайдалану қашықтығына көбейтудің жиынтығы ретінде анықталады. Өлшем бірлігі жолаушы-километр, яғни жолаушының 1 километр қашықтыққа орын ауыстыруы болып табылады. Жолаушылар айналымын есептеу мысалы осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада келтірілген.

2, 3-бөлімдердің 3-бағанында халықаралық әуе желілері, ішкі қатынас желілері бойынша жолаушылар, пошта мен жүк тасымалынан түсімдерді қамтитын табыстар көрсетіледі.

2-бөлімнің 4-бағанының 1-жолында жасалған жалдау шартына сәйкес жүргізушімен (экипажымен) көлік құралын жалға беруден түскен табыстар көрсетіледі.

3-бөлімнің 1-бағанында тасымалданған жүктер саны көрсетіледі және есепті кезеңде ұшақтармен тасымалданған барлық жүктер, пошта және ақылы жолжүк салмағының жиынтығы ретінде көрсетіледі.

3-бөлімнің 2-бағанында жүк айналымы әрбір ұшу учаскесінде тасымалданған жүк пен пошта тоннасының санын пайдалану қашықтығының сәйкес учаскесіне көбейтіндісінің жиынтығы ретінде есептеледі. Жүк айналымын есептеу мысалы осы Нұсқаулыққа 2-қосымшада келтірілген.

3-бөлімнің 1.1.1-жолында есепті кезеңге шетелге сатылған немесе берілген барлық жаңа немесе бар болған тауарларды қамтитын, экспортқа тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.

3-бөлімнің 1.1.2-жолында есепті кезеңге басқа елдерден ақысы төленген немесе тегін берілген, барлық жаңа немесе бар болған тауарларды қамтитын, импорт бойынша тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.

3-бөлімнің 1.1.3-жолында Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен шетелдік мемлекеттердің жүктерді жіберушілер мен жүктерді алушылары арасында жүзеге асырылатын, тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.

3-бөлімнің 4-бағанының 1-жолында жасалған жалдау шартына сәйкес жүргізушімен (экипажымен) көлік құралын жалға беруден түскен табыстар көрсетіледі.

4-бөлімнің 1 және 2-бағандарының барлық жолдарында жүктердің түрлері бойынша жүктерді тасымалдау көрсетіледі.

5-бөлімде өңірлер бөлінісінде теміржол көлігі жұмысының негізгі көрсеткіштері көрсетіледі.

5-бөлімнің 1, 2, 3, 4, 5 және 6 бағандарында жолаушыларды (жүктерді) тасымалдау, жолаушылар айналымы (жүк айналымы) және жолаушыларды (жүктерді) әуе көлігімен тасымалдаудан түсетін табыстар халықаралық (әкету) және республикаішілік қатынастарда әуежай орналасқан облысқа жатқыза отырып, межелі әуежайдан жолаушыларды (жүктерді) жөнелту бойынша есепке алынады, халықаралық қатынаста (әкелу) – әуежай орналасқан облысқа жатқыза отырып, межелі әуежайға жолаушылардың (жүктердің) келуі бойынша есепке алынады.

5-бөлімнің 7-бағанында жасалған жалдау шартына сәйкес өңірлер бөлінісінде жүргізушімен (экипажымен) көлік құралын жалға беруден түскен табыстар көрсетіледі.

2, 3, 4 және 5-бөлімдердің 3, 4, 6 және 7-бағандарында барлық жолдар бойынша табыстар қосылған құн салығынсыз көрсетіледі.

7-бөлімде ресми жарияланған кестеге сәйкес сыйақы үшін жоспарланған және орындалған тұрақты әуе тасымалдаулары (ұшулар), немесе ұшу сериясымен жүйелі орындалатын деп есептелетін жеткілікті жиі ұшулар, сондай-ақ ұшу үшін брондалған орындар есепке алынады.

Тұрақсыз (чартерлі) әуе тасымалдауларға блок-чартерлі тасымалдау да (кестеде тұрақты деп көрсетілген ұшулар негізінде чартерлік тасымалдаулар үшін әуе кемесінің барлық сыйымдылығы жалданған, бірақ сол немесе ұқсас маршруттар және кестелер бойынша чартерлік ұшу ретінде жүзеге асырылатын тасымалдау) жатады.

Тасымалдау көрсеткіштерін анықтау үшін ілеспе тасымалдау құжаттарына сәйкес және әрбір рейстің "Ұшуға тапсырмаларында" көрсетілген ақпараттар пайдаланылады.

Кодтарды бірлесіп пайдаланумен, пульдік келісім шеңберінде, блок-чартерлі тасымалдау қағидаты бойынша, орындарды бұғаттау туралы келісім шеңберінде, бірлесіп қызмет көрсетілетін рейстер және жалға берілген әуе кемелерімен

тасымалдаулар шартында тасымалдаулар туралы мәліметтерді рейстерді нақты орындайтын әуе тасымалдаушы, яғни "Пайдаланушының сертификатына" көрсетілген тасымалдаулар орындалған әуе кемелері қосылған әуе тасымалдаушысы ұсынады.

7-бөлімнің 1 және 2-бағандары 1 және 8-жолдарында әуе кемелерінің барлық типтерінде ұшудың орындалған кезеңдерінің санын әрбір тасымалдау түрі бойынша сәйкесінше тиісті кезеңнің ұзақтығына көбейту нәтижесінде алынған сома көрсетіледі.

7-бөлімнің 1 және 2-бағандары 2 және 9-жолдарында барлық орындалған рейстерге әуежайлардан әуе кемелерін жөнелтулер саны мен әрбір тасымалдау түрі бойынша әуе кемелерінің типтерінің жиынтығы көрсетіледі.

7-бөлімнің 1 және 2-бағандары 3 және 10-жолдарында әуе кемелерінің ұшу кезіндегі ұшу жолағы бойынша оның қозғалысы басталған сәттен бастап және тежеу сәті мен ұшу аяқталғаннан кейін рулдік жолақшаға көшуге дейін ұшуды болған сағаттарының жалпы саны көрсетіледі.

7-бөлімнің 1 және 2-бағандары 4 және 11-жолдарында ұшудың әрбір кезеңіне тасымалданған жолаушылар санының әрбір тасымалдау түрі бойынша қашықтықтың тиісті кезеңіне көбейтіндісінің сомасы көрсетіледі.

7-бөлімнің 1 және 2-бағандары 5 және 12-жолдарында ұшудың әрбір кезеңіне сатуға ұсынылған креслолардың әрбір тасымалдау түрі бойынша тиісті кезеңнің ұзақтығына көбейтіндісінің сомасы көрсетіледі. Қолда бар кресло-километрлерді (шекті жолаушылар айналымын) есептеу кезінде қосымша отын немесе басқа да жүктер әсерінен жолаушыларды тасымалдау үшін берілмейтін креслолар есепке алынбайды.

7-бөлімнің 1 және 2-бағандары 6 және 13-жолдарында ұшудың әрбір кезеңіне тасымалданған жүктердің тасымалдаудың әрбір түрі бойынша қашықтықтың тиісті кезеңіне көбейтіндісінің сомасы көрсетіледі.

7-бөлімнің 1 және 2-бағандары 7 және 14-жолдарында ұшудың әрбір кезеңіне тоннамен жайғасқан коммерциялық жүктеменің тасымалдаудың әрбір түрі бойынша тиісті кезеңнің қашықтығына көбейтіндісінің сомасы көрсетіледі.

7-бөлімнің 2-бағанында орындалу барысында жөнелту пункті, межелі пункті және аялдамалардың барлық қарастырылған пункттері Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ішкі әуе тасымалдаулары ескеріледі.

Әуе кемелерін жөнелту бойынша көрсеткіштен басқа барлық көрсеткіштер үтірден кейін бір санмен толтырылады.

8-бөлімді әуежайлар ғана толтырады. Бұл бөлімді жөнелту және (немесе) межелі пункттер Қазақстан Республикасы аумағында болған жағдайда ғана толтырылады.

9-бөлімді халықаралық және ішкі ұшуларды жүзеге асыратын әуежайлар ғана толтырады. Бұл бөлімде жіберілген, қабылданған жолаушылар және жүктер, жолжүк, тұрақты және тұрақсыз (чартерлі) әуе тасымалдаулар бойынша пошта ескеріледі.

15-бөлімде үшінші тұлғалар үшін тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) өткізу мақсатында жүзеге асырылатын, қызметтің негізгі түріне жатпайтын қызметтің

қосалқы түрлері бойынша өндірілген өнімдер (жұмыстар, қызметтер) көлемдері көрсетіледі.

15-бөлімнің Б бағанында ЭҚЖЖ-ға сәйкес 5 таңба бөлінісінде қызметтің қосалқы түрлерінің атаулары, ал "ЭҚЖЖ коды" бағанында – 5 таңбаға дейін ЭҚЖЖ-ға сәйкес саланың коды көрсетіледі.

3.4 Ішкі су көлігі.

Ішкі су көлігі кәсіпорындары 1, 2, 3, 4, 13, 14 және 15-бөлімдерді толтырады.

2-бөлімде және 3-бөлімде Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен тасымалдар жататын халықаралық қатынастағы тасымалдар көрсетіледі; Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан елді мекендер арасындағы тасымалдар жататын республикаішілік қатынаста болады; елді мекенді елді мекеннің белгіленген шекараларынан өлшенетін ұзындығы елу километрге дейінгі қала маңындағы аймақпен және оған елді мекеннің белгіленген шекаралары шегінде тасымалдар жататын қалалық қатынаспен байланыстыратын маршруттар бойынша тасымалдаулар жататын қала маңындағы қатынаспен тасымалдар жатады.

2-бөлімнің 1-бағанында есепті кезеңде жолаушыларды тасымалдау үшін меншікті (жалға алынған) кемелерде және аралас мақсаттағы кемелерде іс жүзінде тасымалданған жолаушылар саны есепке алынады. Жолаушыларды тасымалдау статистикасындағы байқау бірлігі жолаушы-сапар болып табылады. Жолаушылар санын есепке алу объектісі бір бағыттағы екі пункт аралығындағы бір жолаушының әрбір сапары болып табылады.

Жолаушыларды ішкі су көлігімен тасымалдауға тиісті жол жүру құжаттарымен (ақылы және жеңілдікті жолаушылар билеттерімен, топтық тасымал құжаттарымен – әскери, экскурсиялық) ресімделген, барлық жөнелтілген жолаушылар, сонымен қатар пароммен тасымалдауды жүзеге асыратын жолаушылар кіреді.

2-бөлімнің 2-бағанында жолаушылар айналымы әрбір сапар бойынша, жолаушылар саны мен әрбір жолаушыны жөнелту пунктінен межелі пунктке дейін жолаушылар санына және тасымалдау қашықтығына сүйене отырып, жөнелтілген жолаушылар санын әрбір жолаушыны тасымалдау қашықтығына көбейту және алынған нәтижені жиынтықтау арқылы анықталады. Өлшем бірлігі жолаушы-километр, яғни жолаушының 1 километр қашықтыққа орын ауыстыруы болып табылады. Жолаушылар айналымын есептеу мысалы осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада келтірілген.

2 және 3-бөлімдердің 3-бағанында тарифтердің қолданыстағы түрлері бойынша тасымал құжаттары бойынша жүктер мен жолаушыларды тасымалдауды орындағаны үшін есеп беретін кәсіпорынға аударылған табыстар ескеріледі.

2 және 3-бөлімдердің 4-бағанының 1-жолында жасалған жалдау шартына сәйкес жүргізушімен (экипажымен) көлік құралын жалға беруден түскен табыстар көрсетіледі.

3 және 4-бөлімдердің 1-бағанында су көлігінде есепті кезеңде жүктерді тасымалдау үшін меншікті (жалға алынған) кемелерде және жөнелту бойынша есепке алынатын аралас мақсаттағы кемелерде нақты тасымалданған жүктердің саны есепке алынады. Бір пункттен екінші пунктке жөнелтілген және тасымалдау құжаттарымен ресімделген жүктің жеке партиясы жөнелту деп есептеледі. Тоннадағы жөнелтілген жүктер саны тасымалдау құжаттарында көрсетілген салмаққа сүйене отырып, оған ыдыстың, сондай-ақ тасымалдау кезінде қолданылатын барлық құралдар мен жабдықтардың салмағын қоса анықталады. Жүк тасымалдауда, сондай-ақ пароммен жүк тасымалдау есепке алынады.

3-бөлімнің 2-бағанында тоннадағы жүкті жөнелту салмағын тасымалдау қашықтығына көбейтіп, содан кейін барлық жөнелтулер бойынша алынған нәтижелерді жиынтықтау арқылы анықталатын жүк айналымы есепке алынады. Жүк айналымын есептеу мысалы осы Нұсқаулыққа 2-қосымшада келтірілген.

3-бөлімнің 1.1.1-жолында шетелге сатылған немесе берілген барлық жаңа немесе бар болған тауарларды қамтитын, есепті кезеңге экспортқа тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.

3-бөлімнің 1.1.2-жолында басқа елдерден ақысы төленген немесе тегін берілген, барлық жаңа немесе бар болған тауарларды қамтитын, есепті кезеңге импорт бойынша тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.

3-бөлімнің 1.1.3-жолында шетелдік мемлекеттердің жүктерді жіберушілер мен жүктерді алушылары арасында жүзеге асырылатын, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.

4-бөлімнің 1 және 2-бағандарының барлық жолдарында жүктердің түрлері бойынша жүктерді тасымалдау көрсетіледі.

4-бөлімнің 3-бағанында мұнайды, мұнай өнімдерін және табиғи газды тасымалдаудан (тасудан) түсетін табыстар көрсетіледі.

4-бөлімнің 1-бағанының 1.27-жолында қауіпті жүктердің тізбесі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 548 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11857 болып тіркелген) Қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларына (бұдан әрі – Қағида) сәйкес толтырылады.

2, 3 және 4-бөлімдердің 3 және 4-бағандарында барлық жолдар бойынша табыстар қосылған құн салығынсыз көрсетіледі.

13-бөлімнің 1.1.1-жолдағы жасанды жолдарға ағынды реттеу үшін салынған және бүкіл өзен ұзындығына немесе оның жекелеген учаскелерінде тірек жасайтын, олардың үстінен тұрғызылған гидротехникалық құрылыстармен, олардың ағу тәртібі және деңгейлері айрықша өзгерген каналдар, су қоймалары және өзендер жатады.

13-бөлімнің 1.2.1-жолдағы кепілдікті тереңдігі бар ішкі судағы кеме қатынасының жолдарына барлық навигация бойы немесе оның бөлігінде кеме жолының белгіленген габариті қамтамасыз етілетін жолдар жатады.

13-бөлімнің 1.3.1-жолдағы жарықтандырғыш және жарықты шағылдырғыш белгілері бар жолдарға бұл жарықтандырылуы бар жағалаулық және қалқымалы сигналдық құрылғылар, сондай-ақ түнгі уақытта кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жарықты шағылдырғыш белгілері орнатылған жолдар жатады.

15-бөлімде үшінші тұлғалар үшін тауарларды (көрсетілетін қызметтер) өткізу мақсатында жүзеге асырылатын, қызметтің негізгі түріне жатпайтын қосалқы қызметтің қосалқы түрлері бойынша өндірілген өнімдер (жұмыстар, қызметтер) көлемдері көрсетіледі.

15-бөлімнің Б бағанында ЭҚЖЖ-ға сәйкес 5 таңба бөлінісінде қызметтің қосалқы түрлерінің атаулары, ал "ЭҚЖЖ коды" бағанында – 5 таңбаға дейін ЭҚЖЖ-ға сәйкес саланың коды көрсетіледі.

3.5 Теңіз көлігі.

Теңіз көлігі кәсіпорындары 1, 2, 3, 4 және 15-бөлімдерді толтырады.

2-бөлімде және 3-бөлімде Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен тасымалдар жататын халықаралық қатынастағы тасымалдар көрсетіледі; Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан елді мекендер арасындағы тасымалдар жататын республикаішілік қатынаста болады; елді мекенді елді мекеннің белгіленген шекараларынан өлшенетін ұзындығы елу километрге дейінгі қала маңындағы аймақпен және оған елді мекеннің белгіленген шекаралары шегінде тасымалдар жататын қалалық қатынаспен байланыстыратын маршруттар бойынша тасымалдаулар жататын қала маңындағы қатынаспен тасымалдар жатады.

2-бөлімнің 1-бағанында теңіз көлігінде есепті кезеңде жолаушыларды тасымалдау үшін меншікті (жалға алынған) кемелерде және аралас мақсаттағы кемелерде нақты тасымалданған жолаушылардың саны есепке алынады. Жолаушыларды тасымалдау статистикасындағы байқау бірлігі жолаушы-сапар болып табылады. Жолаушылар санын есепке алу объектісі бір бағытта екі пункт аралығындағы бір жолаушының әрбір сапары болып табылады.

Жолаушыларды теңіз көлігімен тасымалдауға тиісті жол жүру құжаттарымен (ақылы және жеңілдікті жолаушылар билеттерімен, топтық тасымал құжаттарымен – әскери, экскурсиялық және тағы басқалар) ресімделген барлық жөнелтілген жолаушылар, сонымен қатар пароммен тасымалдауды жүзеге асыратын жолаушылар кіреді.

2-бөлімнің 2-бағанында жолаушылар айналымы әрбір сапар бойынша, жолаушылар саны мен әрбір жолаушыны жөнелту пунктінен межелі пунктке дейін жолаушылар санына және тасымалдау қашықтығына сүйене отырып, жөнелтілген жолаушылар

санын әрбір жолаушыны тасымалдау қашықтығына көбейту және алынған нәтижені жиынтықтау арқылы анықталады. Өлшем бірлігі жолаушы-километр, яғни жолаушының 1 километр қашықтыққа орын ауыстыруы болып табылады. Жолаушылар айналымын есептеу мысалы осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада келтірілген.

2-бөлімнің 3-бағанында теңіз көлігінде қолданыстағы тарифтердің түрлері бойынша тасымалдау құжаттары бойынша орындалған жолаушылар тасымалы үшін есеп беретін кәсіпорынға есептелген табыстар есепке алынады.

2-бөлімнің 4-бағанының 1-жолында жасалған жалдау шартына сәйкес жүргізушімен (экипажымен) көлік құралын жалға беруден түскен табыстар көрсетіледі.

3 және 4-бөлімдердің 1-бағанында теңіз көлігінде есепті кезеңде жүктерді тасымалдау үшін меншікті (жалға алынған) кемелерде және жөнелту бойынша есепке алынатын аралас мақсаттағы кемелерде нақты тасымалданған жүктердің саны есепке алынады. Бір пунктіден екінші пунктіге жөнелтілген және тасымалдау құжаттарымен рәсімделген жүктің жеке партиясы жөнелту деп есептеледі. Тоннадағы жөнелтілген жүктер саны тасымалдау құжаттарында көрсетілген салмаққа сүйене отырып, оған ыдыстың, сондай-ақ тасымалдау кезінде қолданылатын барлық құралдар мен жабдықтардың салмағын қоса анықталады.

3-бөлімнің 2-бағанында жөнелтілген жүктің тоннадағы салмағын тасымалданатын қашықтыққа көбейту жолымен, содан кейін барлық жөнелтулер бойынша алынған нәтижелерді жиынтықтау арқылы анықталатын теңіз көлігіндегі жүк айналымы көрсетіледі. Жүк айналымын есептеу мысалы осы Нұсқаулыққа 2-қосымшада келтірілген.

3-бөлімнің 3-бағанында тарифтердің қолданыстағы түрлері бойынша тасымал құжаттары бойынша жүктерді тасымалдауды орындағаны үшін есеп беретін кәсіпорынға аударылған табыстар ескеріледі.

3-бөлімнің 1.1.1-жолында шетелге сатылған немесе берілген барлық жаңа немесе бар болған тауарларды қамтитын, есепті кезеңге экспортқа тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.

3-бөлімнің 1.1.2-жолында басқа елдерден ақысы төленген немесе тегін берілген, барлық жаңа немесе бар болған тауарларды қамтитын, есепті кезеңге импорт бойынша тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.

3-бөлімнің 1.1.3-жолында шетелдік мемлекеттердің жүктерді жіберушілер мен жүктерді алушылары арасында жүзеге асырылатын, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.

3-бөлімнің 4-бағанының 1-жолында жасалған жалдау шартына сәйкес жүргізушімен (экипажымен) көлік құралын жалға беруден түскен табыстар көрсетіледі.

4-бөлімнің 1 және 2-бағандарының барлық жолдарында жүк түрлері бойынша жүктерді тасымалдау көрсетіледі.

4-бөлімнің 3-бағанында мұнайды, мұнай өнімдерін және табиғи газды тасымалдаудан (тасудан) түсетін табыстар көрсетіледі.

4-бөлімнің 1-бағаны 1.27-жолында қауіпті жүктердің тізбесі Қағидаға сәйкес көрсетіледі.

4-бөлімнің 1-бағаны 1.28-жолында контейнердегі жүктерді тасымалдау көрсетіледі.

2, 3 және 4-бөлімдердің 3 және 4-бағандарында барлық жолдар бойынша табыстар қосылған құн салығынсыз көрсетіледі.

15-бөлімде үшінші тұлғалар үшін тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) өткізу мақсатында жүзеге асырылатын, қызметтің негізгі түріне жатпайтын қызметтің қосалқы түрлері бойынша өндірілген өнімдер (жұмыстар, қызметтер) көлемдері көрсетіледі.

15-бөлімнің Б бағанында ЭҚЖЖ-ға сәйкес 5 таңба бөлінісінде қызметтің қосалқы түрлерінің атаулары, ал "ЭҚЖЖ коды" бағанында – 5 таңбаға дейін ЭҚЖЖ-ға сәйкес саланың коды көрсетіледі.

3.6 Құбыржол көлігі.

Құбыржол көлігі кәсіпорындары 1, 3, 4, 5, 6 және 15-бөлімдерді толтырады.

3 бөлімде Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы тасымалдар немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит жататын халықаралық қатынас және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан елді мекендер арасындағы тасымалдар жататын республикаішілік қатынас бойынша жүктерді тасымалдау көрсетіледі.

3 және 4-бөлімдердің 1-бағанында өндіру аудандарынан (өндіріс) немесе шет елдерден тұтыну пункттеріне (өткізу базалары, өңдеу кәсіпорындары, газ тарататын станциялар, вагон-цистерналарға, танкер кемелерге, автомобиль-цистерналарға құю пунктері және тағы да сол сияқты) жеткізу үшін құбыр көлігі кәсіпорындарының қабылданған жүкті бастапқы жөнелтуі көрсетіледі. Жүк тасымалдау көлемі жүкті құбырға айдау мезетінде шығын өлшеуіштер мен есептегіштердің көрсеткіштері бойынша анықталады. Табиғи газды қайта айдау көлем бірлігімен есепке алынады және мынадай қатынаста масса (салмақ) бірліктеріне аударылады: 1 текше метр = 0,8 килограммға немесе 1000 текше метр газ = 0,8 тоннаға немесе 1 тонна = 1250 текше метрге. Суды тасымалдау көлем бірлігінде ескеріледі және келесі арақатынас бойынша масса (салмақ) бірлігіне ауыстырылады: 1 текше метр = 1000 килограмм су немесе 1 тонна су.

3-бөлімнің 1.1.1-жолында шетелге сатылған немесе берілген барлық жаңа немесе бар болған тауарларды қамтитын, есепті кезеңге экспортқа тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.

3-бөлімнің 1.1.2-жолында басқа елдерден ақысы төленген немесе тегін берілген, барлық жаңа немесе бар болған тауарларды қамтитын, есепті кезеңге импорт бойынша тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.

3-бөлімнің 1.1.3-жолында шетелдік мемлекеттердің жүктерді жіберушілер мен жүктерді алушылары арасында жүзеге асырылатын, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен тасымалданған жүктердің көлемі көрсетіледі.

3-бөлімнің 5-бағанындағы барлық жолдарда жүк айналымы тоннадағы мұнайды (газды, суды) қайта айдау көлемдерін бас сорғы станциясына кіру коллекторынан зауыттың, құю пунктінің, мұнай базасының, газ тарату жүйесінің және тағы басқалардың кіру коллекторына дейін қайта айдау қашықтығына көбейтіндісінің жиынтығы ретінде есептеледі.

4-бөлімнің 1 және 2-бағандарының барлық жолдарында жүк түрлері бойынша жүктерді тасымалдау көрсетіледі.

4-бөлімнің 3-бағанында мұнайды, мұнай өнімдерін және табиғи газды тасымалдаудан (тасудан) түсетін табыстар көрсетіледі.

3-бөлімнің 3-бағанында мұнайды мұнай құбыры көлігімен тасымалдаудан түсетін табыстар мұнайды, мұнай өнімдерін айдау, ауыстырып тиеу және құю тарифтері негізге алына отырып айқындалады. Газ құбыры көлігінде табыстар 1000 текше метр газды тасымалдау бойынша тарифті тасымалдау көлеміне көбейту арқылы анықталады. Магистральдық құбыр арқылы суды тасымалдаудан түсетін табыстар 1000 текше метр суды тасымалдау жөніндегі тарифті тасымалдау көлеміне көбейту жолымен айқындалады.

5-бөлімде өңірлер бойынша құбыр көлігі жұмысының негізгі көрсеткіштері көрсетіледі.

3-бөлімнің 4-бағанында мұнайды, мұнай өнімдерін, газды және суды магистральдық құбыр арқылы тасымалдау бағытының барлық өңірлерінің аумағы арқылы жүктің кіру нүктесінен шығу нүктесіне дейін тасымалдау көлемі ескеріледі және олардың әрқайсысында есепке алынады (жүк көлемі ол арқылы тасымалданған барлық өңірлер бойынша көрсетіледі).

3-бөлімнің 5 және 6-бағандарында өңірлер бойынша жүк айналымы және жүктерді тасымалдаудан түсетін табыстар облыс бойынша өтетін магистральдық құбырдың ұзақтығына сәйкес ескеріледі.

3, 4 және 5-бөлімдердің 3, 4 және 6-бағандарында барлық жолдар бойынша табыстар қосылған құн салығынсыз көрсетіледі.

6-бөлімнің 1, 2 және 3-жолдарына желілі бөліктен және онымен ұштасқан, мұнайды (газды, суды) өндіру (қайта өңдеу, алу) орнынан басқа көлік түріне қайта құю, қайта өңдеу немесе тұтыну орнына тасымалдауға арналған коммуникациялар, телебасқару және байланыстың жер үсті нысандарынан тұратын инженерлік құрылыс ұзындығын қамтитын магистральді құбыржол ұзындығы есепке алынады.

15-бөлімде үшінші тұлғалар үшін тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) өткізу мақсатында жүзеге асырылатын, қызметтің негізгі түріне жатпайтын, қызметтің

қосалқы түрі бойынша өндірілген өнімдер (жұмыстар, қызметтер) көлемдері көрсетіледі.

15-бөлімнің Б бағанында ЭҚЖЖ-ға сәйкес 5 таңба бөлінісінде қызметтің қосалқы түрлерінің атауы, ал "ЭҚЖЖ коды" бағанында – 5 таңбаға дейін ЭҚЖЖ-ға сәйкес саланың коды көрсетіледі.

4. Есепті кезеңде қызметі болмаған кезде респондент тиісті жылға арналған бекітілген Респонденттердің жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларымен белгіленген тәртіпте ұсынады.

5. Осы статистикалық нысанды ұсыну электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) орналастырылған "Респонденттің кабинеті" арқылы он-лайн режимде жүзеге асырылады.

6. Ескертпе: X – бұл позиция толтыруға жатпайды.

7. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 2-бөлім:

1-3 бағандар үшін 1-жол = 1.1, 1.2, 1.3, 1.4-жолдарының $\sum$;

1-3 бағандар үшін 1.1-жол = 1.1.1 және 1.1.2-жолдарының $\sum$;

1-3 бағандар үшін 1.2-жол = 1.2.1 және 1.2.2-жолдарының $\sum$;

1-3 бағандар үшін 1.2.1-жол = 1.2.1.1 және 1.2.1.2-жолдарының $\sum$;

1-3 бағандар үшін 1.2.2-жол = 1.2.2.1 және 1.2.2.2-жолдарының $\sum$;

1-3 бағандар үшін 1.3-жол = 1.3.1 және 1.3.2-жолдарының $\sum$;

1-3 бағандар үшін 1.4-жол = 1.4.1-1.4.7-жолдарының $\sum$;

2) 3-бөлім:

1-3 бағандар үшін 1-жол = 1.1, 1.2, 1.3, 1.4-жолдарының $\sum$;

1-3 бағандар үшін 1.1-жол = 1.1.1, 1.1.2 және 1.1.3-жолдарының $\sum$;

1-3 бағандар үшін 1.1.1 = $\sum$ 1.1.1.1 және 1.1.1.2-жолдарының $\sum$;

1-3 бағандар үшін 1.1.2 = $\sum$ 1.1.2.1 және 1.1.2.2-жолдарының $\sum$;

1-3 бағандар үшін 1.2-жол = 1.2.1 және 1.2.2-жолдарының $\sum$;

3) 4-бөлім:

1-2 бағандар үшін 1-жол = 1.1-1.26-жолдарының $\sum$;

1-баған $\geq$ 2-баған әрбір жол үшін;

2-баған $\leq$ 1-баған әрбір жол үшін;

1-2 бағандар үшін $1\text{-жол} \geq 1.27\text{-жолынан}$;

1-2 бағандар үшін $1\text{-жол} \geq 1.28\text{-жолынан}$;

4) 5-бөлім:

1-жол = 1.1-1.20 жолдарының $\sum$ әрбір баған үшін;

5) 6-бөлім:

әрбір баған үшін 1-жол = 1-1.21-жолдарының $\sum$;

6) 11-бөлім:

1-баған = 2-3-бағандардың $\sum$ барлық жолдар үшін;

1-жол = 1.1-жол = 1.2-жол = 1.3-жол барлық бағандар бойынша;

2-баған $\leq$ 1-баған әрбір жол үшін;

3-баған $\leq$ 1-бағаннан әрбір жол үшін;

1.1-жол = 1.1.1-1.1.2-жолдардың $\sum$ әрбір баған үшін;

1.2-жол = 1.2.1-1.2.3-жолдардың $\sum$ әрбір баған үшін;

1.3-жол = 1.3.1-1.3.3-жолдардың $\sum$ әрбір баған үшін;

7) 12-бөлім:

1-жол = 1.1-1.20-жолдардың $\sum$;

8) 13-бөлім:

1-жол = 1.1-жол = 1.2-жол = 1.3-жол

1.1-жол = 1.1.1-1.1.2-жолдардың $\sum$;

1.2-жол = 1.2.1-1.2.2-жолдардың $\sum$;

1.3-жол = 1.3.1- 1.3.3 - жолдардың $\sum$;

9) 14-бөлімі:

1-жол $\geq$ 1.1-жол;

2-жол $\geq$ 2.1-жол;

10) 15-бөлім:

1-жол = барлық қалған жолдардың $\sum$.

"Көліктің қатынас түрлері
бойынша жұмысы туралы есеп"
(индексі 2-көлік, кезеңділігі
жылдық) жалпы мемлекеттік
статистикалық байқаудың
статистикалық нысанын
толтыру жөніндегі нұсқаулыққа
1-қосымша

Жолаушылар айналымын есептеу мысалы

Жолаушылар айналымы тасымалдаудың әрбір айқындамасы бойынша жолаушылар санын тасымалдау қашықтығына көбейтудің қосындысымен анықталады.

Мысалы, есепті кезеңге кәсіпорын қалааралық автобустармен 5 сапар жүзеге асырды (1-кесте).

Есепті айға жолаушылар айналымы: жолаушылар айналымы = $122\,400 + 97\,920 + 100\,074 + 104\,517 + 150\,294 = 575\,205$ ж-км.

1-кесте

№	Бағдар атауы	Арақашықтығы, км	Тасымалданған жолаушылар саны, адам	Жолаушылар айналымының есебі, жкм
1	Алматы – Астана	1 224	100	$1\,224 \cdot 100 = 122\,400$
2	Астана - Алматы	1 224	80	$1\,224 \cdot 80 = 97\,920$
3	Шымкент - Қарағанды	1 283	78	$1\,283 \cdot 78 = 100\,074$
4	Қарағанды - Ақтөбе	1 659	63	$1\,659 \cdot 63 = 104\,517$
5	Атырау - Астана	2 031	74	$2\,031 \cdot 74 = 150\,294$

Ескертпе: есептеу кезінде жолаушылармен сапар ескеріледі.

Қалған көлік түрлері бойынша жолаушылар айналымы осыған ұқсас есептеледі.

"Көліктің қатынас түрлері бойынша жұмысы туралы есеп" (индексі 2-көлік, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулыққа 2-қосымша

Жүк айналымын есептеу мысалы

Автомобиль көлігінде әрбір сапарға тасымалданған жүк салмағын (автотіркемелермен тасымалданған жүктерді қоса алғанда) жүріс қашықтығына көбейтіп, кейін барлық сапарлар бойынша көбейтіндісін қосындылаумен анықталады.

Мысалы, есепті кезеңге кәсіпорын 5 қалааралық жүк тасымалын жүзеге асырды (2-кесте).

Есепті айға жүк айналымы: жүк айналымы = $138\,312 + 116\,280 + 250\,185 + 836\,136 + 2\,203\,635 = 3\,544\,548$ ж-км (есептеу кезінде жүкпен сапар ескеріледі).

2-кесте

№	Бағдар атауы	Арақашықтық, км	Тасымалданған жүк саны, тонна	Жүк айналымының есебі, ткм
1	Алматы - Астана	1 224	113	$1\,224 \cdot 113 = 138\,312$
2	Астана - Алматы	1 224	95	$1\,224 \cdot 95 = 116\,280$
3	Шымкент - Қарағанды	1 283	195	$1\,283 \cdot 195 = 250\,185$
4	Қарағанды - Ақтөбе	1 659	504	$1\,659 \cdot 504 = 836\,136$
5	Атырау - Астана	2 031	1 085	$2\,031 \cdot 1\,085 = 2\,203\,635$

Қалған көлік түрлері бойынша жүк айналымы осыған ұқсас есептеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК